

**«Үй шаруашылықтарының борышы, гетерогенділік  
және қаржылық тұрақтылық»  
тақырыбы бойынша зерттеу нәтижелері туралы есепке аннотация**

**Зерттеу мақсаты:** отандық үй шаруашылықтарының тұтыну шығынының өзгеруіне бейімделу қабілетін, сондай-ақ борыштық жүктемеге және кредиттік ресурстарға деген сұраныс деңгейіне әсер ететін факторларды эконометрикалық бағалау.

**Тапсырмалар:**

- тұтынушылардың мінез-құлқының негізгі көрсеткіштерін және олардың тұтынушылық шығынды икемдеу қабілетін зерттеу;
- Қазақстан үй шаруашылықтарының жиынтық табысының өзгеруіне тұтыну шығысы әсерінің деңгейін анықтау;
- жалақы мен жұмыспен қамтудың күтпеген өзгерістерінің кредиттік ресурстарға деген сұранысының арту ықтималдығына әсерін бағалау.

**Зерттеу нысаны:** Қазақстанның үй шаруашылықтары.

**Әдістемелік, теориялық және эмпирикалық база** ҚР СЖРА АСБ-дағы шығыс пен кіріс бойынша үй шаруашылықтарын зерттеу деректерінің негізінде әр түрлі жалпыланған сәттердің әдісін, инструменталды айнымалылар әдісін қолдануды қамтыды. Құрастырылған модельдердің сипаттамалары Noten және Crombrugghe (2012), Hall және Taylor (1986), Мамедли және Синяков (2018), Gerry және Li (2010), Jappelli және Pistaferri (2010) ұсыныстарына сәйкес келеді.

**Қысқаша қорытындылар мен ұсыныстар**

1. Негізгі сипаттамаларға жүргізілген талдау және жиынтық табыс компоненттерінің үй шаруашылықтарының тұтыну шығысына әсерін бағалау Қазақстан үй шаруашылықтарының әл-ауқатының төмендегенін көрсетеді. Бұл әсіресе 2021 жылғы бірінші тоқсанның нәтижелерін 2015 жылғы сәйкес кезеңімен 2010 жылғы бағамен салыстырған кезде байқалады. Осы жылдарда өңірлер бойынша үй шаруашылықтарының көпшілігінде теріс динамика байқалады. Ең аз қамтамасыз етілген үй шаруашылықтарының жиырма пайызының орташа тоқсандық табысы 74,8-146,7 мың теңге диапазонында (74,8 мың теңге – Жамбыл облысындағы үй шаруашылықтарының орташа тоқсандық табысы, Маңғыстау облысының ең аз қамтамасыз етілген тұрғындарының 20% орта есеппен 146,7 мың теңге алады). Нәтижелер аз қамтылған үй шаруашылықтарының 20% өңірлік бөліністе азық-түлік тауарлары мен қызметтерге жұмсалатын шығынды реттеу қабілетінің әлсіздігін көрсетеді. 2015-2021 жылдары үй шаруашылықтары өз жинақ ақшасының қорларын нақты мәнде ұлғайта алмады. Орташа алғанда, елордада тұратын үй шаруашылықтары 2015 жылғы бірінші тоқсанда бір тоқсанда шамамен 30 мың теңге үнемдей алды. Маңғыстау облысының үй

шаруашылықтары үздік нәтижелер көрсетті: 2015 жылғы бірінші тоқсанда орта есеппен бір үй шаруашылығына 60 мың теңгеден жинақ ақша түсті. 2021 жылғы бірінші тоқсанда Астана қаласының бір үй шаруашылығына тоқсанына орташа есеппен 17 мың теңге жинақ ақша ғана үнемделді, ал Маңғыстау облысының үй шаруашылықтары орта есеппен 45 мың теңгеге жуық үнемдей алды. Алматы облысында тұратын үй шаруашылықтарында 2015 және 2021 жылдардың бірінші тоқсанында жинақ ақшаның қорлары бойынша ең нашар нәтижелер көрсетті. Үй шаруашылықтарының өз әлеукаатының өсуіне мүмкіндіктерін шектей отырып, Қазақстанның көптеген өңірлерінде үй шаруашылықтарының борыштық жүктемесінің деңгейі төмен болуда. Бұл елдегі қаржылық тұрақтылыққа оң әсер етеді, бірақ қысқа мерзімді кезеңде өңірлердегі экономикалық өсуді тежейді. Алынған нәтижелер Қазақстанның барлық өңірлеріндегі ең көп және ең аз қамтылған үй шаруашылықтарының 20% арасындағы теңсіздіктің төмендегенін көрсетеді.

2. Алынған нәтижелер қазақстандық үй шаруашылықтары табысының өсуімен тұтынуға шекті бейімділіктің төмендегенін көрсетеді. Авторлардың есептеулеріне сәйкес, қазақстандық үй шаруашылықтары өздерінің жиынтық ақшалай кірісінің орташа есеппен 78% тұтыну шығысына жұмсайтынын назарға ала отырып, азық-түлік және азық-түлікке жатпайтын (ұзақ пайдаланылатын тауарлар) шығыстың үй шаруашылықтарының жиынтық кірісінің өзгеруіне сезімталдығы туралы мәселе туындады. Авторлардың бастапқы болжамы расталды: үй шаруашылықтары, әдетте, азық-түлік тауарларына қарағанда ұзақ мерзімді тауарларға жұмсалатын шығынға сезімтал. Алынған нәтижелер Мамедли мен Синяковтың жұмысындағы жасалған тұжырымдарға сәйкес келеді (2018). Ұзақ мерзімді пайдаланылатын тауарларға қатысты аса сезімталдық оңай түсіндіріледі. Әдетте, бұл шетелдік өнім, сондықтан үй шаруашылықтарының айырбастау бағамының серпініне қатысты күтулердің әсерінен болады, сонымен қатар мұндай тауарларды сатып алу маусымдық сипатқа байланысты және оларды ең қажетті тауарлар деп атауға болмайды.

3. Жұмыспен қамтудың жағымсыз жақтары және уақытша табыстың өзгеруі тұтынушылық шығынға статистикалық маңызды әсер ететіні, әлеуметтік-демографиялық факторлар тұтынуға оң әсер ететіні анықталды. Нәтижелер борыштық жүктеменің тұтынушылық шығынның өсуіне елеусіз теріс әсер ететінін көрсетеді. Авторлар орта есеппен жан басына шаққандағы ақшалай табысы мен жалақының кредиттік ресурстарды алуға өтініш беру мүмкіндігіне теріс әсері туралы гипотезаны растай алды. Бұл ретте өңірлердегі экономикалық жағынан белсенді халықтың білім деңгейі жеке тұлғалардың кредиттік ресурстарға сұранысының арту ықтималдығына айтарлықтай әсер етпейді. Экономикалық жағынан белсенді халықтың жинақ ақшасының деңгейі кредиттік ресурстарды алуға өтініш беру ықтималдығына оң әсер етеді, яғни екінші деңгейдегі банктердегі депозиттердегі жинақталған жинақ ақшасы Қазақстан халқының кредиттік міндеттемелерді төлеу мүмкіндігіне деген сенімінің артуына ықпал етеді.

### **Жетекші орындаушылар туралы ақпарат**

1. Жоба жетекшісі – Ишуова Жанна Шамилевна, PhD.
2. Жетекші орындаушы – Дарибаева Меруерт Жумабаевна, PhD.
3. Жетекші Орындаушы – Болуспаев Шалкар Аманжолович, PhD.

### **Жетекші орындаушылардың зерттеу нәтижелері бойынша мақалаларды жариялауы туралы ақпарат**

Зерттеу нәтижелері бойынша мақалалар жарияланды:

1. «Еуразия ғылымының жаршысы» 2023, Т 15, № 4 журналында «Қазақстандықтардың тұтыну шығындарын тегістеуді бағалау және олардың кредиттік ресурстарға сұранысты ұлғайту мүмкіндігі»

<https://esj.today/PDF/50ECVN423.pdf>

2. ҚазҰУ хабаршысының Экономикалық топтамасындағы, 2024, №1 (147), 68-80 «Қазақстандықтардың қаржылық тұрақтылығы: жұмыспен қамту күтпеген өзгерістер және тұтынуды түзету»

<https://be.kaznu.kz/index.php/math/article/view/2719>